


Басшы бастап, жұрт қоштады



Almaty 2017

28TH WINTER UNIVERSIADE



ж.сәдуақас

Биылғы қыс спортпен шұғылданушылар үшін де жайлы болып тұр. Қаңтар айы аяқталуға жақын, сақылдаған сары аяз жоқ, есесіне қар қалың, мұз жылтыр. Қысқасы, коньки мен шаңғы теуіп, шыныққысы келетін үлкен-кіші мазмәйрам. Жұрттың осындай көтеріңкі көңіл күйін қала әкімінің дене шынықтыру және спорт бөлімі де деп басып, бұқаралық жарыстар ұйымдастыруда.




20 қаңтар күні «Шахтер» саябағында ересектер арасында дуатлон жарысы өткізілді. Жарыс енді бірер күннен соң Алматы қаласында алауы тұтатылатын 28-ші Қысқы универсиада құрметіне арналды. Сөз арасында айта кетейік,

әлемнің көптеген елдері студент спортшыларының басын біріктіретін Универсиаданың тұмары – Сұңқар, ұраны – «Қанатыңды кең серпі!».

(Жалғасы 11-бетте)

Суретті түсірген: В.Фадеев

БАСШЫ БАСТАП, ЖҰРТ ҚОШТАДЫ



Almaty 2017
28TH WINTER UNIVERSIADE



(Соңы. Басы 1-бетте)

Дуатлоннан құлақтанған жұрт, әсіресе, жастар саябаққа көптеп жиналды. Саябақтағы сахнаға көтерілген қала әкімінің орынбасары Ержан Иманзайыпов жиналған қауымға Студенттер ойындарын өткізудің біздің ел үшін мәні мен маңызын айтып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Осыдан кейін сахнаға бозбалалар мен бойжеткендер шығып, жастар флэш-мобын бастап кетті. Шетелдік әуендер ойналып, ырғақты қимылдар жасаған

олардың іс-әрекетін алаңда сап түзеген ұл-қыздар қайталап, біраз уақыт бой сергітті. Соңында «Чемпиондар» әні шырқалып, дуатлоншылар жарысқа дайындығын пысықтады.

Ең алдымен әйелдер мен қыздар белгіленген қашықтыққа жүгіріп, іле аяққа шаңғы байлап жарыс жолын жалғастырды. Бір байқағанымыз, олар үшін жүгіру үйреншікті жайт болғанымен, шаңғымен жүгіру жеңілге соқпады. Осыдан-ақ шаңғы тегбуге машықтанбағандықтары аңғарылып тұрды. Айтпақшы, жас шамасы әркерлі нәзік жандыларға жарысқа қала спортының тізгінін ұстаушы Зейнеп Нұркенованың да қатысып бірге жүгіруі жігер берді.

Ерлер арасындағы дуатлон тартымды өтті. Жігіттер жағы шаңғымен жүгіруге де ысылған екен. Айтпақшы, мәре сызығын бірінші болып №4 мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,

белгілі палуан Жақсыберген Саттаров қиды.

Ұйымдастырушылар тарапынан дуатлонға қатысушыларға қолайлы жағдайлар жасалғанын да айта кету ләзім. Мәселен, өз шаңғысы жоқ адамдарға №2 БЖСМ шаңғыны уақытша пайдалануға берді.

Енді дуатлонның техникалық нәтижелеріне тоқталайық. Жас шамасына қарай бөлінген топтарда Индира Шаймұрат, Людмила Малышева, Сара Прокофьева, Людмила Катаева, Елена Бондарь, Сергей Шевченко, Дастан Жұмаділденов, Жасұлан Исмаилов, Ғалымжан Мақышев, Владимир Шехов, Жақсыберген Саттаров, Қанағат Базарбай, Константин Нұрғазин, Нұргүл Базылова, Меруерт Мусальдинова, Зейнеп Нұркенова, Гүлназ Қапанова, Мәдениет Қалтаев және т.б. жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрініп, өздерін үкілеп қосқан мекеме, кәсіпорындар үмітін ақтап, қолдаушыларына қуаныш сыйлады.